«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

«КЕЛІСІЛДІ»
«KazTehService» ЖШС директоры
_______________ А.Керимбекова
«01» 03 2024ж.

БЕКІТЕМІН
Басқарма Төрағасы - Ректор
_______________ А. Куришбаев
«01» 03 2024 ж.

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«7М07132-Электр энергетикасы»

Берілетін дәрежесі: «7М07132– Электр энергетикасы» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технология магистрі

(бейіндік бағыт 1 жылдық)

Алматы, 2024

«Энергия үнемдеу және автоматика» кафедрасының отырысында талқыланды
№ 7 хаттама « 15 » 01 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі ______________ А. Молдажанов

«Инженерлік - техникалық» факультетінің академиялық комитеті отырысында қарастырылды
№ 6 хаттама « 26 » 01 2024 ж.

Факультеттің АК төрағасы ______________ У. Ибишев

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қарастырылып, Ғылыми Кеңеске ұсынылды
№ 4 хаттама « 01 » 02 2024 ж.

Университеттің ОӘК төрағасы ______________ А. Абдыров

Білім беру бағдарламасы ҚазҰАЗУ Ғылыми Кеңесінде бекітілді
№ 9 хаттама « 01 » 03 2024 ж.

| | |
|---|---|
| Факультет деканы | Л. Алдибаева |
| Кафедра меңгерушісі | А.Молдажанов |
| Аға оқытушы | А. Кулмахамбетова |
| **Жұмыс беруші** | |
| «KazTehService» ЖШС директоры | А.Керимбекова |

**Келісілді:**

| | |
|---|---|
| Білім беру бағдарламаларын жобалау бөлімінің бастығы | Ж. Кусаинова |

**Қолданылу аймағы**

«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КЕАҚ «Электр энергетикасы» білім беру бағдарламасы бойынша магистрлерді дайындауға арналған»

**Нормативтік құжаттар**

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы Астана, Ақорда, 2007 жылғы 27 шілде № 319-ІІІ ҚРЗ (01.01.2019 Ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен))

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 қаулысымен бекітілген

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуіші №569 13.10.2018 ж;

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595.

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері. ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығы.

Салалық біліктілік шеңбері

«Электр энергетикасы» саласы. Электр энергетикасы саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салааралық комиссияның 2019 жылғы 25 шілдедегі № 05-13-3-4/ПР хаттамасымен бекітілген.

Кәсіби стандарт. «Инновациялық өнімдерді/қызметтерді техникалық жобалау» Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 24.12.2019ж. №259 бұйрығымен бекітілген.

«Инновациялық жобаны құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ет» Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 24.12.2019ж. №259 бұйрығымен бекітілген.

Атамекен ҰКП сайты http://atameken.kz/

## 1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

| | |
|---|---|
| Білім беру саласының коды және жіктелуі | 7M07 – Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары |
| Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі | 7M071 – «Инженерия и инженерлік іс» |
| Білім беру бағдарламасының коды және атауы | «7M07132– Электр энергетикасы» |
| Білім беру бағдарламасының түрі | Қолданыстағы |
| Білім беру бағдарламасының мақсаты | Мемлекеттік, жергілікті, аймақтық және шетелдік мекемелер үшін электр энергетикасындағы жаңа техника мен технологияларды жобалау және енгізу, персоналды басқаруға байланысты, жобалау және конструкторлық, ұйымдастыру - басқару қызметіне жоғары білікті түлектерді дайындау. |
| БЖХС бойынша деңгейі | 7 |
| ҰБШ бойынша деңгейі | 7 |
| СБШ бойынша деңгейі | 7 |
| Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі | KZ42LAA00006720<br>№10, 5 шілде 2019 жыл |
| ББ Аккредиттеу<br>Аккредиттеу ұйымының атауы<br>Аккредитацияның қолданылу мерзімі | Сертификат №2020 КЕ 0281<br>Kaz SEE<br>23.12.2020 -22.12.2025 ж. |
| Берілетін дәреже | «7M07132– Электр энергетикасы» білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдарының магистрі |
| Оқыту нәтижелері | Кесте 2 |
| Маманның қызметтерінің тізбесі | Түлек кәсіби қызметін келесі бағыттарда жүзеге асыра алады:<br>- инженер-зертханашы<br>- инженер-энергетик,<br>- мастер,<br>- жетекші маманы,<br>- аға инженер,<br>- жетекші инженер,<br>- құрылымдық бөлімшенің басшысы,<br>- цех бастығының орынбасары. |
| Кәсіптік іс-әрекет саласы | Электр энергиясын өндіру, беру, бөлу және тұтыну жөніндегі индустрияның барлық салалары, агроөнеркәсіптік кешен, энергия қадағалау мен бақылаудың, еңбек қауіпсіздігін қадағалаудың мемлекеттік органдары. |
| Кәсіптік қызмет саласы мен нысаны | Кәсіби қызмет саласы-бұл электр энергиясын өндіруге, беруге, таратуға және тұтынуға жағдай жасауға бағытталған адам қызметінің технологиялары, құралдары, әдістері мен әдістерінің жиынтығын қамтитын ғылым мен техника саласы. |

| | |
|---|---|
| | Электр энергиясын өндіру, беру, бөлу және тұтыну жөніндегі кәсіпорындар түлектердің кәсіби қызметінің объектілері болып табылады: экономиканың түрлі салаларының объектілерін электрмен жабдықтау жүйелері; электр энергетикалық жүйелер, электр станциялары мен қосалқы станциялар; экономика салаларының электр технологиялық жабдықтары, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен энергетика кәсіпорындарының өндірістік-технологиялық процестерін басқару жүйелері. |
| Кәсіптік қызметінің функциялары | «7М07132- Электр энергетикасы" білім беру бағдарламасы 2 (екі) білім беру траекториясын қамтиды:<br>№1. «Электротехнологиялар және электр жабдықтары»<br>Магистрдің кәсіби қызметі бағытталған:<br>Электр станциялары мен қосалқы станциялардың, электр жүйелері мен желілерінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін әзірлеу, жобалау, сондай-ақ жетілдіру және жақсарту, электр энергетикасы жүйелерін релелік қорғау және автоматтандыру, өнеркәсіптің әртүрлі салаларының кәсіпорындарын электрмен жабдықтау, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын электрмен жабдықтау, электр механикасы, электр оқшаулау және кабель техникасы, электр технологиялық қондырғылар мен жүйелер, жарық техникасы және жарық көздері, электр көлігі, көлік құралдарының электр жабдықтары, электр жетегі және технологиялық кешендерді автоматтандыру. электр станциялары мен қосалқы станциялардың, электр жүйелері мен желілерінің параметрлерін өлшеудің негізгі құралдарын метрологиялық тексеру.<br>№2. "Энергия үнемдеу"<br>Магистрдің кәсіби қызметі бағытталған:<br>Энергия тұтынудың тиімділігін арттыру, барлық салаларда энергия үнемдеуді іске асыру және бақылау, сондай-ақ электр станциялары мен қосалқы станциялардың, электр жүйелері мен желілерінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жаңғырту және жақсарту, өнеркәсіптің әртүрлі салаларының кәсіпорындарын электрмен жабдықтау, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын электрмен жабдықтау, дәстүрлі емес және жаңартылатын энергия көздері, электр механика, электр технологиялық қондырғылар және жарық техникасы, электр көлігі, көлік құралдарының электр жабдығы жүйелерінің энергетиканың қазіргі |

| | |
|---|---|
| | жай-күйі мен даму үрдістерін, энергия үнемдеудің сенімді және тиімді әдістері мен құралдары. |
| Кәсіптік қызмет түрлері | 7M071 – "Инженерия және инженерлік іс" даярлау бағытының магистрлері кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:<br>1. Жобалау-технологиялық:<br>- электр жабдықтарының құрамын және оның параметрлерін, электр энергетикалық объектілердің схемаларын анықтау;<br>- технологиялық процестің барлық берілген параметрлерінің және өндірілетін өнім сапасының сақталуын қамтамасыз ету;<br>-қондырғылар мен жүйелерге техникалық-экономикалық және экологиялық талдау жүргізу;<br>2.Ұйымдастырушылық-басқарушылық:<br>- орындаушылар ұжымының жұмысын ұйымдастыру; ұзақ мерзімді, сондай-ақ қысқа мерзімді жоспарлау кезінде әртүрлі талаптарды (құнына, сапасына, қауіпсіздігіне және орындау мерзіміне) қанағаттандыратын шешімді таңдау;<br>- өнім сапасының берілген деңгейін қамтамасыз етуге арналған өндірістік және өндірістік емес шығындарды бағалау; өндіріс процесінде техникалық бақылауды, сынақтарды және сапаны басқаруды жүзеге асыру. |
| Құзіреттілігі | - эксперименттік зерттеулер әдіснамасы саласында;<br>- Ауыл шаруашылығын қоса алғанда, өнеркәсіптің барлық салаларындағы инновациялық техникалық және технологиялық өндірістер мәселелерінде;<br>- қондырғылар мен жүйелерді техникалық-экономикалық және экологиялық талдау саласында;<br>- Кәсіби саладағы эксперименттік жобалар мен зерттеулерді орындауда. |

## 2. Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижесі

| Коды | Оқыту нәтижелері |
|---|---|
| ОН 1 | Басқару жүйелерін талдау, жобалау және оңтайландыру, сондай-ақ адам ресурстарын басқару және зияткерлік меншікке қатысты құқықтық және этикалық мәселелерін қоса алғанда басқару психологиясы мен энергетикалық ғылым зерттеулеріне негізделген басқарудың тиімді стратегиялары мен әдістерін әзірлеу |
| ОН 2 | Халықаралық ортада қарым-қатынас жасау және кәсіби қызмет нәтижелерін ұсыну үшін шетел тілін қолдану. |
| ОН 3 | Жобалау және пайдалану кезінде математикалық модельдердің тиімділігін, сенімділігін және тұрақтылығын арттыру мақсатында энергетикалық құрылғылар мен жүйелердегі процестерді талдау және оңтайландыру арқылы математикалық модельдерді әзірлеу. |
| ОН 4 | Ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларында өсу процестерін оңтайландыру және өндіріс тиімділігін арттыру мақсатында сәулелену және қосымша жарықтандыру үшін электр қондырғыларын жобалау, оның ішінде зияткерлік меншікті қорғауға байланысты құқықтық мәселелерді сақтай отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін сәулелендіру және қосымша жарықтандыру саласында техникалық шешімдерді жасауға және қолдануға байланысты патенттік-ақпараттық зерттеулер жүргізу. |
| ОН 5 | Материалдарды электрофизикалық және электрохимиялық өңдеудің заманауи әдістері туралы ақпаратты жүйелеу, кейіннен өңдеудің оңтайлы параметрлерін анықтау және өнімнің сапасын жақсарту және шығындарды оңтайландыру мақсатында осы технологияларды өндіріс процестеріне енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу. |
| ОН 6 | Технологиялық процестерді оңтайландыру, олардың тиімділігін талдау және IoT, жасанды интеллект және машиналық оқыту саласындағы заманауи трендтерді пайдалана отырып, шешімдерді әзірлеу үшін заманауи технологиялық жабдықты басқару жүйелерін қолдану. |
| ОН 7 | Кәсіпорынның энергия тиімділігін арттыру үшін энергия үнемдеу және энергия сенімділігі саласындағы жаңа инновациялық шешімдерді кейіннен қолдану арқылы кәсіпорынның энергетикалық жүйесінің жағдайын талдау үшін энергия менеджменті және энергия аудиті әдістерін қолдану. |

# 3. Білім беру бағдарламасының мазмұны

| Модульдің шифрі | Модульдің атауы | Пәннің циклы | Пәннің компоненті | Пәннің коды | Пәннің атауы | Академиялық кредиттер | Бақылаудың академиялық мерзімдегі: Емтихандар | Бақылаудың академиялық мерзімдегі: Практика/ҒЖЗ | Бақылаудың академиялық мерзімдегі: Курстық жұмыс/жобаработа/проект | Оқу сағатының көлемі: Барлығы | Оқу сағатының көлемі: Аудиторлық | Оқу сағатының көлемі: соның ішінде Дәрістер | Оқу сағатының көлемі: соның ішінде Тәжірибелік | Оқу сағатының көлемі: соның ішінде Лабороториялық-тәжірибелік | Оқу сағатының көлемі: ОМӨЖ | Оқу сағатының көлемі: МӨЖ | Кредиттерді академиялық мерзімге бөлу: 1 курс, 1 (Академиялық мерзімдегі апталар саны 15) | Кредиттерді академиялық мерзімге бөлу: 1 курс, 2 (Академиялық мерзімдегі апталар саны 15) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Магистранттың/докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы/Научно-исследовательская работа магистранта/докторанта/Research work of a master's/doctoral student** | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (МЭЗЖ)/ Экспериментально-исследовательская работа магистранта (ЭИРМ)/ Experimental research work of a master's student (ERWMS) | ҒЗЖ НИР RW | ЖК ВК CU | MEZZhM/ EIRME/ ERWOME 5501 | Магистранттың эксперименталды - зерттеу жұмысы (МЭЗЖ) Экспериментально-исследовательская работа магистранта (ЭИРМ) Experimental research work of a master's student (ERWMS) | 13 | | 120 | | 390.0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 270 | | 13.0 |
| **Мамандық/білім беру бағдарламасы модульдері/Модули специальности/образовательной программы/Modules of specialty/education programm** | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | Электр энергетикалық жүйелердегі сенімділікті модельдеу және электр желілерін пайда/ Моделирование надежности в электроэнергетических системах и эксплуатация электрических сетей/ Reliability modeling in electric power systems and operation of electric networks | БеП ПД AS | ЖК ВК CU | EEGZA/ MNIE/ MOSRITEPI 5314 | Электр энергетикасындағы ғылыми зерттеулердің әдіснамасы./ Методология научных исследований в электроэнергетике./ Methodology of scientific research in the electric power industry. | 5 | 1 | | | 150.0 | 45.0 | 15 | 30 | 0 | 30 | 75 | 5.0 | |
| 3 | | БеП ПД AS | ЖК ВК CU | EKZhUMM MMPEUS/ MMOPIEDAS 5308 | Энергетикалық құрылғылар мен жүйелердегі үрдістерді математикалық модельдеу./ Математическое моделирование процессов в энергетических устройствах и системах./ Mathematical modeling of processes in energy devices and systems. | 5 | 1 | | | 150.0 | 45.0 | 15 | 30 | 0 | 30 | 75 | 5.0 | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | | БП<br>БД<br>BS | ТК<br>КВ<br>ES | EESTBA/<br>MAONE/<br>MOAAEORIT EPI 5205 | Электр энергетикасындағы сенімділікті талдау және бағалау әдістері./<br>Методы анализа и оценки надежности в электроэнергетике./<br>Methods of analysis and evaluation of reliability in the electric power industry. | 4 | 2 | | | 120.0 | 45.0 | 15 | 30 | 0 | 15 | 60 | | 4.0 |
| 5 | | | | EUEMEA/<br>EEE/<br>ESEMAEA 5205 | Энергияны үнемдеу, энергия менеджменті және энергия аудиті./<br>Энергосбережение, энергоменеджмент и энергоаудит./<br>Energy saving, energy management and energy audit. | | 2 | | | | 45.0 | 15 | 30 | 0 | 15 | 60 | | |
| 6 | Ғылыми байланыс және жоғары білімді ұйымдастыру/<br>Научная коммуникация и организация процесса обучения в высшей школе/<br>Scientific communication and organization of the study process in higher education | БП<br>БД<br>BS | ЖК<br>ВК<br>CU | SHTK/<br>IYaP/<br>FLP 5203 | Шет тілі (кәсіби)/<br>Иностранный язык (профессиональный)/<br>Foreign language (professional) | 2 | 1 | | | 60.0 | 30.0 | 0 | 30 | 0 | 15 | 15 | 2.0 | |
| 7 | | БП<br>БД<br>BS | ЖК<br>ВК<br>CU | Men/<br>Man 5201 | Менеджмент/<br>Management | 2 | 1 | | | 60.0 | 30.0 | 15 | 15 | 0 | 15 | 15 | 2.0 | |
| 8 | | БП<br>БД<br>BS | ЖК<br>ВК<br>CU | BP/<br>PU/<br>POM 5204 | Басқару психологиясы/<br>Психология управления/<br>Psychology of management | 2 | 1 | | | 60.0 | 30.0 | 15 | 15 | 0 | 15 | 15 | 2.0 | |
| 9 | | БеП<br>ПД<br>AS | ЖК<br>ВК<br>CU | OP/<br>PP 5313 | Өндірістік практика/<br>Производственная практика/<br>Production Practice | 4 | | 40 | | 120.0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 80 | | 4.0 |
| 10 | Электр энергетикасындағы технологиялық жабдық/<br>Технологическое оборудование в электроэнергетике/<br>Technological equipment in the power industry | БеП<br>ПД<br>AS | ЖК<br>ВК<br>CU | CKZhAEK/<br>EUDOD/<br>EIFIAL 5309 | Сәулелендіруге және қосымша жарықтандыруға арналған электр қондырғылары./<br>Электрические установки для облучения и досвечивания./<br>Electrical installations for irradiation and lighting. | 5 | 1 | | | 150.0 | 45.0 | 15 | 30 | 0 | 30 | 75 | 5.0 | |
| 11 | | БеП<br>ПД<br>AS | ЖК<br>ВК<br>CU | TZhBZZh/<br>SSUTO/<br>MPCTS 5311 | Технологиялық жабдықтарды басқарудың заманауи жүйелері./<br>Современные системы управления технологическим оборудованием./<br>Modern process control technological systems. | 5 | 1 | | | 150.0 | 45.0 | 15 | 30 | 0 | 30 | 75 | 5.0 | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Электр технологиялық процестер/ Электротехнологические процессы/ Electrotechnological processes | БеП ПД AS | ЖК ВК CU | МЕFЕНОТ/ ЕЕМОМ/ ЕАЕММР 5310 | Материалдарды электрлік-физикалық және электрлік-химиялық өңдеу тәсілдері./ Электрофизические и электрохимические методы обработки материалов./ Electrophysical and electrochemical methods material processing. | 5 | 1 | | | 150.0 | 45.0 | 15 | 30 | 0 | 30 | 75 | 5.0 | |
| 1 | **Орта білім беру пәндері(ЖБП)/Общеобразовательные дисциплины(ООД)/General education subjects(GER)** | | | | | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| | Міндетті компонент(ЖБП/МК)/Обязательный компонент(ООД/ОК)/Core subjects(GER/CS) | | | | | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| | ЖОО компоненті(ЖБП/ЖК)/Вузовский компонент(ООД/ВК)/University component(GER/UC) | | | | | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| | Таңдау бойынша компонент(ЖБП/ТК)/Компонент по выбору(ООД/КВ)/Electives(GER/ES) | | | | | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 2 | **Базалық пәндер(БП)/Базовые дисциплины(БД)/Base requirements(BS)** | | | | | 10 | | 0 | 0 | 300 | 135 | 45 | 90 | 0 | 60 | 105 | 6 | 4 |
| | Міндетті компонент(БП/МК)/Обязательный компонент(БД/ОК)/Core subjects(BS/CS) | | | | | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| | ЖОО компоненті(БП/ЖК)/Вузовский компонент(БД/ВК)/University component(BS/UC) | | | | | 6 | | 0 | 0 | 180 | 90 | 30 | 60 | 0 | 45 | 45 | 6 | 0 |
| | Таңдау бойынша компонент(БП/ТК)/Компонент по выбору(БД/КВ)/Electives(BS/ES) | | | | | 4 | | 0 | 0 | 120 | 45 | 15 | 30 | 0 | 15 | 60 | 0 | 4 |
| 3 | **Профильді пәндер(БеП)/Профилирующие дисциплины(ПД)/Profession requirements(VRS)** | | | | | 29 | | 40 | 0 | 870 | 225 | 75 | 150 | 0 | 150 | 455 | 25 | 4 |
| | Міндетті компонент(БеП/МК)/Обязательный компонент(ПД/ОК)/Core subjects(VRS/CS) | | | | | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| | ЖОО компоненті(БеП/ЖК)/Вузовский компонент(ПД/ВК)/University component(VRS/UC) | | | | | 29 | | 40 | 0 | 870 | 225 | 75 | 150 | 0 | 150 | 455 | 25 | 4 |
| | Таңдау бойынша компонент(БеП/ТК)/Компонент по выбору(ПД/КВ)/Electives(VRS/ES) | | | | | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| | **Оқу жоспары бойынша барлығы/Итого по учебному плану/Total on curriculum** | | | | | 52 | 9 | 160 | 0 | 1560 | 360 | 120 | 240 | 0 | 210 | 830 | 31.0 | 21.0 |
| ОҚ ДВО AC | **Оқытудың қосымша түрлері/Дополнительные виды обучения/Additional courses** | | | | | | | | | | 0 | | | | | | | |
| ҚА ИА FA | **Қорытынды аттестаттау/Итоговая аттестация/Final attestation** | | | | | 8 | | | | **240.0** | | | | | | | | |
| | **Магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау (МЖРжК)/Оформление и защита магистерского проекта (ОиЗМП)/Preparation and defense of a master's thesis (PaDMT)** | | | | | 8 | | 2 | | **240** | | | | | | | | |
| | **Барлығы/Итого/Total** | | | | | **60** | | **162** | | **1800** | **360** | **120** | **240** | **0** | **210** | **830** | | |

**РЕЦЕНЗИЯ**

На образовательную программу
«7М07132 – Электроэнергетика»
кафедры «Энергосбережение и автоматика»
КазНАИУ

Образовательная программа «7М07132 – Электроэнергетика» разработана для подготовки высококвалифицированных специалистов профильного направления в области электроэнергетики. Программа ориентирована на формирование профессиональных знаний и навыков, необходимых для успешного выполнения задач на производственных предприятиях и в организациях, занимающихся проектированием и эксплуатацией энергетических систем.

Программа полностью соответствует государственным стандартам и профессиональным требованиям. Она включает в себя дисциплины, направленные на освоение передовых технологий и подходов к управлению энергосистемами, что позволяет готовить специалистов, востребованных на рынке труда. Включенные курсы, такие как «Электрофизические и электрохимические методы обработки материалов» и «Современные системы управления технологическим оборудованием», способствуют формированию необходимых профессиональных компетенций.

Особенностью программы является акцент на практическую подготовку магистрантов через производственные практики и экспериментально-исследовательскую работу. Структура учебного процесса обеспечивает глубокое освоение методов анализа, проектирования и эксплуатации электроэнергетических объектов. В ходе производственной практики магистранты приобретают навыки управления оборудованием, контроля качества и оптимизации производственных процессов.

Образовательная программа учитывает требования работодателей и особенности работы на производственных предприятиях. Подготовка специалистов проводится с учетом необходимости владения современными технологиями управления, контроля и проектирования энергетических систем. Выпускники программы обладают компетенциями в области технического проектирования, энергоменеджмента и оптимизации производственных процессов, что позволяет им быть конкурентоспособными на рынке труда.

Образовательная программа «7М07132 – Электроэнергетика» соответствует потребностям рынка труда и ориентирована на подготовку специалистов для производственного сектора. Она рекомендуется к использованию в образовательном процессе и представляется эффективным инструментом для подготовки квалифицированных специалистов в сфере электроэнергетики.

Директор ТОО «KazTehService» «KazTehService» А.Керимбекова

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

## №7 ХАТТАМАДАН КӨШІРМЕ

Алматы қаласы 15 қаңтар 2024ж.

**«Энергия үнемдеу және автоматика» кафедрасының отырысы**

Төраға –Молдажанов А.К.
Хатшы – Кулмахамбетова А.Т.
Қатысқандар: 22 адам (тізімі тіркелед).

**КҮН ТӘРТІБІ:**

3. «7M07132 – Электр энергетикасы» 1 жылдық бейіндік бағыттағы білім беру бағдарламасын жаңарту жұмыстарын талқылау және факультеттің Академиялық комитетіне ұсыну

**ТЫҢДАЛДЫ:** Кафедра меңгерушісі А.К. Молдажанов кафедра бойынша 2024-2028 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламаларын барлық деңгей үшін жаңарту қажет және ол үшін білім беру бағдарламаларындағы пәндерді қарастырып, талқыға салу керек екендігін атап өтті. Сонымен қатар, кафедра меңгерушісі «7M07132 – Электр энергетикасы» 1 жылдық бейіндік бағыттағы білім беру бағдарламасы бойынша жалпы кредит саны 60 кредит екендігін, соның ішінде базалық пән 10 кр., бейіндік пән 25кр., өндірістік практика 4кр., магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы 13кр. және қорытынды аттестаттау 8 кредиттен тұратынын жеткізді.

Кафедра меңгерушісі А.К. Молдажанов нормативті документтің өзгеруіне, яғни ғылыми бағыттағы БББ құрылымы бойынша пәндердің кредит санының ауысуына байланысты магистратураға арналған кафедра бойынша 2024-2026 оқу жылдарына арналған барлық БББ жаңартылатындығын айтып, кесте түрінде таныстырып шықты.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:** Профессор Д.М. Алиханов Білім беру бағдарламасы бойынша пәндердің кредит санының, семестр бойынша пәндердің бөлінуінің дұрыстығын айтып өтті. Сонымен қатар ұсынылып отырған білім беру бағдарламасы заманауи талаптарға сай құрастырылғандығын және электр энергетикасы саласындағы жоғары деңгейлі маманды даярлауға бағытталғандығын, жас ғалымдарды даярлау мақсатында білім беру бағдарламасында келтірілген пәндердің аса қажеттілігі мен маңыздылығын жеткізді. Ұсынылып отырған білім беру бағдарламасын мақұлдайтындығын айта отырып, факультеттің академиялық комитеті отырысыда қарастыруға ұсыныс жасады.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Қарастырылып отырған «7M07132 – Электр энергетикасы» білім беру бағдарламасы факультеттің академиялық комитеті отырысында қарастырылуға ұсынылсын.

Көшірме дұрыс:
Хатшы Кулмахамбетова А.Т.

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»**
**коммерциялық емес акционерлік қоғамы**
**«Инженерлік-техникалық» факультеті**

# №6 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

**« 26 » қаңтар 2024 ж** **Алматы қаласы**

«Инженерлік-техникалық» факультетінің Академиялық комитетінің кеңейтілген отырысы.

Факультет бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнын талқылау.

Төраға: Ибишев У.Ш.
Хатшы: Дюсенбиева А.Х.
Қатысқандар: Академиялық комитет мүшелері (кафедра меңгерушілері, жұмыс берушілер өкілдері, білім беру бағдарламаларын құрастыруға жауаптылар, түлектер, студенттер) барлығы 25 адам (тізімі қоса тіркелді).

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024-2026 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламаларын талқылау және оларды қарастыру үшін университеттің оқу-әдістемелік Кеңесіне ұсыну туралы.

**ТЫҢДАЛДЫ:**
Факультетің академиялық комитет төрағасы Ибишев Өмірбай Шәрібекұлы күн тәртібіндегі үш деңгейдегі барлық білім беру бағдарламаларының мазмұнын талқылау бойынша «Магистратура» деңгейінің білім беру бағдарламаларындағы өзгерістер мен оларға қойылатын талаптарды айтып жеткізді. Осыған байланысты кафедралар өздеріне бекітілген білім беру бағдарламаларының мазмұнымен таныстыруын және қатысушылар оны талқылауға белсенді атсалысып, өз ұсыныстарын ашық білдіруді сұрады. «Энергия үнемдеу және автоматика» кафедрасының ұжымымен дайындалған 2024-2025 оқу жылына арналған 7М07132 – «Электр энергетикасы» 1 жылдық бейіндік бағыттағы білім беру бағдарламасын арнайы талқылауды ұсынды. Сөз кезегі Академиялық комитет мүшесі «Энергия үнемдеу және автоматика» кафедрасының меңгерушісі А.К. Молдажановқа берілді.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**
1. «Энергия үнемдеу және автоматика» кафедрасының меңгерушісі, Академиялық комитет мүшесі А.К. Молдажанов қарастырылып отырған 2024-2025 оқу жылдарына арналған 7М07132 – «Электр энергетикасы» 1 жылдық бейіндік бағыттағы білім беру бағдарламасына Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы негізінде Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жаңартылуына байланысты заманауи талаптарға сай құрастырылғандығын және электр энергетикасы саласындағы жоғары деңгейлі маманды даярлауға бағытталғандығын, жас ғалымдарды даярлау мақсатында білім

беру бағдарламасында келтірілген пәндердің аса қажеттілігі мен маңыздылығын атап өтті. Білім беру бағдарламасын құрастыру барысында жұмыс беруші: «Азиялық газ құбыры» ЖШС директоры Х. Воншанло атсалысқанын, және оның талаптары мен тілектерінің ескерілгенін айтты. 7М07132 – «Электр энергетикасы» білім беру бағдарламасына «KazTehService» ЖШС директоры А. Керимбекова оң пікір берген.

А.К. Молдажанов ұсынылып отырған білім беру бағдарламасының талаптарға сай дайындалғанын айта келіп, факультет Кеңесінде қарастыруға ұсыныс жасады.

2. 7М07132 – «Электр энергетикасы» білім беру бағдарламасын құрастыруға жауапты, Академиялық комитет мүшесі, PhD Кулмахамбетова А.Т қарастырылып отырған 2024-2025 оқу жылына арналған 7М07132 – «Электр энергетикасы» білім беру бағдарламасында қолдану саласы және паспорты келтірілгенін, паспортында: мақсаты, оқу нәтижелері, біліктілік пен лауазымдар тізімі, саласы, объектісі, пәні, кәсіби қызметтің функциялары мен түрлері және маманның негізгі құзыреттері көрсетілгенін айтты. 7М07132 – «Электр энергетикасы» магистратура бағдарламасы ҚР агроөнеркәсіптік кешенінің түрлі салаларында өндірістік, басқарушылық, педагогикалық, ғылыми ізденістік, эксперименттік және конструкторлық қызметте бәсекеге төзімді электр энергетик мамандарын даярлауға бағытталған. Осы білім бағдарламасын меңгеру энергетика саласында заманауи еңбек жағдайына бейімделуге, белсенді маман дайындауға үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бағдарлама магистранттарға ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға және кәсіби өсуді қамтамасыз етуге бағытталған. Жалпы алғанда, бұл бағдарлама электр энергетика саласында жоғары деңгейдегі мамандарды даярлауға үлкен мүмкіндік беретінін айта келіп, ұсынысты толық қолдайтынын айтты.

Академикалық комитет мүшелері түскен ұсынысты бірауыздан қолдап, университеттің оқу-әдістемелік Кеңесіне ұсынды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

«Энергия үнемдеу және автоматика» кафедрасының ұжымымен дайындалған 2024-2025 оқу жылына арналған 7М07132 – «Электр энергетикасы» білім беру бағдарламасы қарастыру үшін университеттің оқу-әдістемелік Кеңесіне ұсынылсын.

Төраға — Ибишев Ө.

Хатшы — Дюсенбиева А.Х.

Хаттама көшірмесін растаймын: — Дюсенбиева А.Х.